

**Қостанай облысының әкімдігінің білім басқармасының
«Н.Құлжанов атындағы Торғай гуманитарлық колледжі» КМҚК Сыбайлас
жемқорлық туралы жиналыс
ХАТТАМАСЫ**

17.09.2024 жыл

Арқалық қаласы

**Төрайымы – колледж директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
Г.Оразова**

Қатысқандар: Колледж ұжымы

Күн тәртібінде

1. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жолын кесу.

2. Сыйлықтарға, мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттар үшін қаражат жинауға тиым салу.

Алғашқы сөзді колледж директорының міндетін атқарушы Г.К.Оразова алып, бүгінгі жиналыста қаралатын мәселелермен таныстырып өтті.

Бірінші мәселе бойынша жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін колледж ұжымы мен студенттер арасында құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың алдын алу шаралары туралы тісіндірме жұмыстарын жүргізу және кез келген жемқорлық туралы тәуекелдердің туындауына сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алуды анықтау және жолын кесу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту бойынша қатаң түрде жұмыстар атқарылатындығын және заңға сәйкес қатаң түрде жазаланатындығын атап өтті. Колледж қызметкерлері мен студенттері арасында сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алу, сонымен қатар мәдениетті қалыптастыру басты мақсатымыз екенін түсіндірді.

Келесі мәселе бойынша алдағы уақыттарда өтетін мерекелік іс-шараларға немесе күнделікті тұтынатын заттарға, құрал-жабдықтар сатып алуға, оқытушылардың студенттер тарапынан сыйлықтар алуға қаражат жинауға қатаң түрде тиым салынатындығын, сыбайлас жемқорлық көріністері орын алған жағдайда құзырлы органдарға жеткізілетіндігін ескертті.

Сөз кезегін колледж заңгері Р. Абдрахман алып, барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті екенін хабарлады және сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленетінін атап өтті.

Сонымен қатар, колледжде сыйлық алуға, кеңсе тауарларына, тұрмысқа қажетті бұйымдарға, жөндеу жұмыстарына ақша жинауға тиым салынатындығын айтып, өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық әрекеттері мекеме басшылығына немесе құқық қорғау органдарына дереу хабарланатындығын ескертті, және де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол берген тұлғалар ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес қатаң жазаланатындығын ескертті. Қажеттіліктері үшін және алдағы уақыттағы мерекелік іс-шараларға қаражат жинау мәселесі бойынша колледж ұжымы мен студенттер арасында түсінік жұмыстары жүргізілу керектігін айтып, сөзін қорытындылады.

Қаулы етеді:

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізілсін.

Заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша колледж ұжымы мен студенттер арасында түсінік жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы



Г.Оразова

Заң кеңесші



Р. Абдрахман